

## **Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының мәселелері**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 25 сәуір 1995 ж. N 549

Мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қаржы министрлігінің Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекеттік ресурсқа 1995 жылдың астығын сатып алуды қамтамасыз ету туралы" 1995 жылғы 21 наурыздағы N 309 P950309\_ қаулысына сәйкес құрылған Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясына 1995 жыл бойына тоқсан сайын аудара отырып, оның жарғылық қорын қалыптастыруға 500 (бес жүз) мың теңге бөлу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясына Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша мынадай:

мемлекеттік ресурсқа орталықтандырылған астық сатып алу жөніндегі мемлекеттік тапсырысшы;

дайындаушы ұйымдар арасында мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуға тапсырыстарды орналастыру;

мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу мен беруге бақылау жасауды ұйымдастыру;

мемлекеттік ресурс астығын пайдалануды ұйымдастыру оның қозғалысына есеп және бақылау жасауды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мемлекеттік ресурсқа астық көлемін сатып алуға жіберілген қаржы қажеттілігін анықтау және аталған операцияларды қаржыландыруға тартылатын кредиттер жөніндегі берешекті өтеу бойынша есеп айырысуды жүргізу;

заңды тәртіппен белгіленген кредит заемшылар міндеттерін

жүзеге асыру жүктелсін.

3. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын президент басқарады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК